

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу «Қазақстан тарихы» №1. 2006.
2. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» Алматы, 2003.
3. Сарбасова Қ. «Инновациялық педагогикалық технологиялар» 2006.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым 2014.

**ТАРИХ САБАҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

**Солтанбеков Ж.М.**, тарих пәнінің мұғалімі  
№10 ЖББОМ  
Қарағанды қ., Қазақстан

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың біліктілік, іскерлік қабілеттеріне тікелей тәуелді. Ал оқушыға жүйелі білім беру, ынта-ықыласын арттыру, қабілет-қасиеттің дамыту мұғалімнің қолында. Мұғалімнің беделін көтеретін – білім болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы - бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» - деп атап көрсетті. Баланы оқытып, тәрбиелеумен айналасатын барша педагог қауымының басты міндеті – әрбір оқушының ынтасын ойлау қабілетін ашуға жағдай жасау, жеке тұлғаны қалыптастыру [1, 246 б.]. Оқушылардың ынтасын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өткізу керек. Дәстүрден тыс тәжірибені де басшылыққа аламын. Мысалы: жарыс, ойын, диспут, сот сабақтарын үнемі өткізіп отырамын.

Дарындылық - дегеніміз адамзат баласының ерекше ойлау, талдау, есте сақтау қабілеті бар, шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор оқушыларда кездесетін қасиет. Оқушылардың іздену жұмысының түрлері.

1. Оқушыларға іздену арқылы тест құра білдірту.
2. Тақырып бойынша модель құруға үйрету.
3. Тірек конспектімен жұмыс.
4. Өз бетімен оқулықтан тыс әдебиеттерді оқи және пайдалана білуі.

Оқу сапасын арттыру үшін пән мұғалімі оқушы бойындағы танымдық, ізденушілік, дамытушылық қасиеттерді дәріптеу үшін күнделікті сабақтарда жаңа технологияларды төмендегі сыныптардан бастап пайдалану қажет. Осы мақсатта төменгі сыныптарда оқушының логикалық ойлауын дамыту негізінде «Сыни тұрғыдан ойлау» жобасы стратегияларын қолданған тиімді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының стратегияларын пайдалану жаңа оқу материалындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздерінің байқап, талдауларына жағдай жасайды. Демек, білім даяр күйінде берілмей, оқушылардың өздерінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, оқушылардың ізденушілігі мен дербес ойлауын дамыту, сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатында тарих сабақтарын түрлендіріп өткізу керек. Дәстүрден тыс сабақтарды, мысалы, жарыс, ойын, КТК, пікір – сайыс, сот сабақтарын өткізген жөн [2, 134 б.].

Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде қарастырылады. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады. Олар үшін:

- білім алуды қамтамасыз етуге даярлауы тиіс;
- оқушыларға үздіксіз білім алуды үйрету керек;
- мұғалім оқушылардың білімге деген құштарлығын дамытуға көңіл бөлуі керек;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқытудың мазмұны шектелмеуі тиіс;
- оқытудың өз тәжірибесі, оқытудың негізі, оқыту барысында болжам, қиял, ойлап табу пайдалануы қажет;

- сезу, ойлау шығармашылық қасиеті ретінде қарастырылуы тиіс; Мектепте білім беруді жақсарту мұғалімге байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да қазіргі мұғалімдердің білім сапасын арттыруға көп көңіл бөлуде. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын (білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, өздігінен дамыту т.б.) мақсатқа сай қолдана білу қажет.

Тарих - мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана - сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным - әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалармен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс - тәсілдері негізінде іске асады. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу [3, 16 б.].

Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті. Сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді [4, 28 б.]. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Сын тұрғысынан ойлау - сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз-оқушыға оны бойында жасынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Қызығушылықты ояту: Бұл кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әртүрлі әдіс амалдары қарастырылады. Сондай-ақ оқушыларды қалай қызықтыру керек деген сұраққа жауап деп қарауға болады;

- шын мәніндегі мәселені ұсыну және оқыту мақсатын бірлесіп дайындау;
- оқушының бұрынғы тәжірибесімен байланыс орнату;
- жаңа идеяны түсінуге дайындау;
- Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды.

Бұл кезеңде «Ассоциация», «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Броундық қозғалыс».

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ. Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тындап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. «Қазақстан тарихы» №1. 2006.

2. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1. 2009.
3. Мирсентова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
4. Мұхамбетжанова С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту».

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

**Тулегенова А.Ж.**, т.ғ.м., аға оқытушы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның бүгінгі халықаралық жағдайына, оның дүниежүзілік қауымдастықтағы белгілі мемлекеттердің қатарына қосылуы мен әлемнің көптеген елдерімен терезесі тең саясат ұстанып, түрлі салада байланыстар жасауына, қазіргі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына байланысты жастарды, мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеп, олардың болашақта кәсіптік мамандықты дұрыс тандап, жеке тұлға әрі кәсіби маман ретінде қалыптасуында Отан тарихын оқытудың маңызы зор. Сонымен қатар Отан тарихын оқыту қоғамымыздың ілгері дамып, келешегін болжау үшін, жас ұрпақты азаматтық пен елжандылыққа, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде де аса маңызды екендігі белгілі. Осы орайда Қазақстан тарихын алдымен мектепте, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік жағынан мүлде жаңа деңгейге көтеру қажеттігі туындап отыр.

Тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының әртүрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңге дейінгі мектептерде тарихты оқытуда көптеген объективтік жетістіктер болғанымен, пәннің мазмұнында коммунистік, таптық сипат орын алды. Қазақстандағы мектептердің өзінде Қазақстан тарихына қатысты мәселелер оқытылмады.

1917 жылғы Қазан революциясына дейін Қазақстандағы оқу орындарында Қазақстан тарихы деген пән немесе оған қатысты тарихи материал оқытылды деген дерек әзірге дейін кездеспеген. Бірқатар ғылыми еңбектерде Қазақстанда мұсылман мектептері мен медреселер VII-VIII ғасырларда-ақ өмір сүргені айтылады. Оларда діни пәндермен қатар тарих, логика, риторика, жағрафия, философия да оқытылған [1, 13 б.]. Испиджаб, Тараз, Сайрам, Отырар, Түркістан, т.б. қалаларда ірі медреселер болған. Бұл оқу орындарында құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, әдебиет және жоғарыда аталған пәндер оқытылған.

Медреселердегі оқыту, тәрбие жұмыстары мен оқытудың әдістемелік негізін алғаш жасаған ұлы ғалымдар Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн-Сина, әл-Беруни, әл-Хорезми, Кинди, Руми, Омар Хайям және Ұлықбектің дәрістемелік оқулықтары, педагогикалық трактаттары мен ғылыми еңбектері негізге алынды. Орта ғасырлар дәуірінің қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы ғылым мен білімнің орталықтары – Хорезм, Бұхар, Самарқан, Отырар қалаларының маңызы зор болды.

Ал, XV-XVI ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстандағы кейбір медреселердің оқу жоспарына діни, ғылыми пәндермен қатар тарих пәні де енгізілген. Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сайрам, Түркістан т.б. медреселері Бұхар, Самарқан медреселерінің оқу жоспарларын пайдаланған. Олардағы тарихи білім мазмұны сол дәуірлерге дейінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркі тілді тайпалар мен мемлекеттер тарихын баяндауға арналған.

Бұл медреселердің оқу жоспарына тарихтың дербес пән болып енгізілуі Ұлықбектің есімімен байланысты. Кейбір ғылыми деректерге қарағанда оның бастауымен XV ғасырда-ақ тарих медреселер оқу жоспарына дербес пән болып енгізіліп, алғашқы уақытта оның сабақтарында Әлем тарихы, Орта Азия тарихы, Ислам тарихы таныстырылған. Тарих оқу жоспарына енгеннен кейін алғашқы тарих оқулығын Ұлықбектің өзі жазған және ол өмір шындығын сол қалпында көрсетуді талап еткен [2, 12 б.].

Діни мектептер мен медреселердің Қазақстан жеріне жаппай таралуы – XVIII ғасыр. Бірақ, бұл медреселерде тарих пәні қалай оқытылды, оның мазмұны қандай, бұл туралы нақты жауап беретіндей дерек ғалым-зерттеушілерге кездеспеген.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ балалары үшін ашыла бастаған орыс тілінде оқытатын мектептерде тарих, «Орыстың қысқаша тарихы», дүние жүзі тарихы оқытылған. Кейінірек ашылған жаңа әдісті қазақ мектептерінде де тарих пәні оқылған. Бірақ, Мамановтар мен Тұрысбековтардың мектебіндегі 13 пәннің үшеуі: татарлар тарихы, пайғамбарлар тарихы және ислам тарихы болған [3,